

Жаңа оқулықтарды таныстыру рәсімі өтті



Жеңгір хан атындағы БҚАТУ-да «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен университеттің Ақпараттық білім беру орталығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген алғашқы 17 оқулықты таныстыру рәсімі өтті.

Тұсауы кесілген оқулықтар ғылымның бірнеше саласын қамтыған, атап айтқанда, философия, әлеуметтану, психология, тілтану, экономика, менеджмент, дінтану.

Іс-шара барысында «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушылары филос.ғ.к., доцент В.А.Есенғалиева, аға оқытушылар, магистрлер Г.С.Саркулова, Г.М.Хайруллиналар гуманитарлық бағыттағы Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция», Карен Армстронгтың «Құдай тарихы: 4000 жыл иудаизм, христиан және мұсылмандықта ізденіс», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін», Энтони Джон мен Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы» және «Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дэвид Бринкерховтың «Әлеуметтану негіздері», Джорди Ритцердің «Әлеуметтану теориясы» және т.б. оқулықтарын таныстырса, «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі Ж.Қ.Ержанова экономика саласы бойынша Грэгори Мэнкюдтің атақты «Экономикс» және Томас Гриффиннің «Менеджмент» оқулықтарын таныстырды.

Гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалуда. 17 оқулық – біз үшін тарихи оқиғаға пара-пар жаңалық. Әлемдегі озық әдебиеттердің қазақ тіліне аударылуы студенттердің жоғары оқу орындарындағы білімін шындай түседі, өмір даңғылындағы бағдаршамның ролін атқаратыны белгілі. Мұндай оқулықтардың жарық көруі гуманитарлық пәндер бойынша студенттердің көзқарастарын кеңейтіп, сын тұрғыдан ойлауларына зор мүмкіндік жасайды. Бізге қажетті инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар оқуы тиіс оқулықтар қазір алдымызда жарқырап тұр. «Білім – өмір шырағы» екенін бабаларымыз біліп айтқан, Елбасы шын қамқорлығымен осы шырақты жаға білді.

Г.М.ХАЙРУЛЛИНА,
«Қазақстан тарихы және ӘГП»
кафедрасының аға оқытушысы